

«Бекітемін»

«Балбөбек» жекеметтік

шағын орталығының
директоры Мұсаева С.Р



**2023 жылдың сәуір айына (03.04-07.04) арналған
педагог-психологтың циклограммасы**

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізледі
Дүйсенбі	09.30-10.30 10.30-12.00	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Заттарды қабылдау» Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	4-5жас
Сейсенбі	09.30-10.30 10.30-12.00	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Ұқсас суретті тап» Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	2-3жас
Сәрсенбі	09.30-10.30 10.30-12.00	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Үстінде, астында, алдында, артында, сол жақта, оң жақта» Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	4-5жас
Бейсенбі	09.30-10.30 10.30-12.00	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Суреттерді аяқтайық» ойыны Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	4-5жас
Жұма	09.30-10.30 10.30-12.00	Түзету-дамытушылық «Маскалар» Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	3-4жас

2023жылдың сәуір айына (10.04-14.04) арналған

педагог-психологтың циклограммасы

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізіледі
Дүйсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Шөлдеу»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сейсенбі	09.30-10.30	Түзету-дамытушылық «Шашу» жаттығуы	3-4жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сәрсенбі	09.30-10.30	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Біз-біргеміз»	Педагогтар
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Бейсенбі	09.30-10.30	Түзету-дамытушылық «Менің планетам»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Жұма	09.30-10.30	Психодиагностика Йиарсек Керн тесті	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	

2023 жылдың сәуір айына (17.04-21.04) арналған

педагог-психологтың циклограммасы

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізледі
Дүйсенбі	09.30-10.30 10.30-12.00	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Көбелек» Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	4-5жас
Сейсенбі	09.30-10.30 10.30-12.00	Психодиагностика "Суреттер туралы әңгіме" Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	4-5жас
Сәрсенбі	09.30-10.30 10.30-12.00	Психодиагностика «Пішін қорабы» Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	3-4жас
Бейсенбі	09.30-10.30 10.30-12.00	Психологиялық-педагогикалық ағарту «Барлығы қанша?» Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	4-5жас
Жұма	09.30-10.30 10.30-12.00	Түзету-дамытушылық «Жыл мезгілдері» Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	3-4жас

2023 жылдың сәуір айына (24.04-28.04) арналған

педагог-психологтың циклограммасы

Апта күндері	Уақыты	Жүргізілетін жұмыстар	Кіммен жүргізледі
Дүйсенбі	09.30-10.30	Психодиагностика Артығын тап	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сейсенбі	09.30-10.30	Психологиялық- педагогикалық ағарту "Орамалмен жасырынбақ»	2-3жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Сәрсенбі	09.30-10.30	Түзету дамытушылық «Суреттер бойынша сұрақтар»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Бейсенбі	09.30-10.30	Психодиагностика "Жоқ жануар»	4-5жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	
Жұма	09.30-10.30	Психологиялық- педагогикалық ағарту «Жел»	3-4жас
	10.30-12.00	Құжатпен жұмыс, диагностикалық материалдарды әзірлеу, бейімделу парағын толтыру.	

“Балбөбек” жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Заттарды қабылдау»**

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты:03.04.2023

Балалар саны:25

Қатысқандар:20

Қатыспағандар:5

Әдістеме: «Заттарды қабылдау» ойыны

Мақсаты:

Қабылдауды дамытуға арналған ойын

Нұсқауы:

Психологтың алдына биік – аласа мұналар, жуан- жіңішке қарындаштар, оң қолын және сол қолын көтеріп тұрған баланың суреттері, табиғат көрінісі (ағаштар алыстан кішкене, жақыннан үлкен болып көрінеді(т.б. суреттер бар. Психолог балаларға сұрақтар қояды.

Мұналар қандай? (биік немесе біреуі аласа)

Қарындаштар қандай? (жуан- жіңішке)

Суретте бала қай қолын көтеріп тұр? (оң, сол)

Мына суретте ағаш қалай орналысқан? (кішкене ағаш алыстан көрінеді, үлкені жақыннан т.б.)


Сен менің қай жағымда тұрсың? (алдымда)

Қорытындысы:

Барлық балалар қызыға ойнады.Ойын барысында балалар сұрақтарға орташа деңгейде жауап берді.Сонымен бірге балалар жылдам,шапшаң қозғала біледі.

Педагог-психолог:Кулибаева.Г.И

“Балбөбек” жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Ұқсас суретті тап»**

Топтың аты: 2-3жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 2-3жас тобы

Зерттеу уақыты:04.04.2023

Балалар саны:20

Қатысқандар:20

Қатыспағандар:

Әдістеме: «Ұқсас суретті тап» ойыны

Мақсаты:

Қабылдауды дамытуға арналған ойын

Нұсқауы:

Психологтың алдында қос- қостан бірнеше суреттер болады. Олар: Екі шырша, екі таяқ, екі теледидар, екі жапырақ, екі гүл, екі сағат т.б. Осы суреттердің бірнешеуін тақтаға іліп осыған ұқсас геометриялық пішіндерді қораптан тандап алып салыстырып, ұқсастығын, пішінін, түр – түсін сипаттап әңгімелеп береді.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Ұқсас суретті тап» ойының қызыға ойнады.Ойын барысында балалар ұқсас суреттерді тауып әңгімелеп берді.

Педагог-психолог:Кулибаева.Г.И

“Балбөбек” жекеменшік шағын орталығы



Психологиялық-педагогикалық ағарту

Әдістеме: «Үстінде, астында, алдында, артында, сол жақта, оң жақта»

Топтың аты: 4-5 жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты:05.04.2023

Балалар саны:25

Қатысқандар:22

Қатыспағандар:3

Әдістеме: «Үстінде,астында,алдында,артында,сол жақта,оң жақта»ойыны

Мақсаты:

Ойлауды дамытуға арналған ойын

Нұсқауы:


Жердегі жатқан мата үстінде, балалар белгі берген уақытта тұрып қалуға тиісті. Матаның өлшемін психолог кішірейте отырып ойынды жалғастырады. Бірақ ойында балалар мата бетінен шығып кетпеулері керек.

Қорытындысы:

Барлық балалар қызыға ойнады.Ойын барысында балалардың ойлау қабілеттерін дамыта білді.Сонымен бірге балалар жылдам,шапшаң қозғала біледі.Балалардың ойлау қабілеттері жақсы дамыған.

Педагог-психолог:Кулибавева.Г.И

“Балбөбек” жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Суреттерді аяқтайық»**

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты:06.04.2023

Балалар саны:25

Қатысқандар:20

Қатыспағандар:5

Әдістеме: «Суреттерді аяқтайық» ойыны

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын, көру арқылы есте сақтауын, ойша жұмыс істей білуін дамыту.

Нұсқауы:

Алдын - ала тақтаға мысықтың және қоянның құлақтары салынған плакат ілініп дайындалады. Балалардың көздері шарфпен байланады да, олар кезек - кезекпен шығып, бірі денесін, бірі басын, бірі аяғын салады, осылайша жалғаса береді.

Қорытындысы:

Барлық балалар қызыға ойнады.Ойын барысында балалар өздерінің белсенділіктерін көрсетті.Балаларға ойын қатты ұнады.

Педагог-психолог:Кулибаева.Г.И

«Балбөбек» жасөспірімшік шағын орталығы»



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Масталар» жазтығуы

Топтың аты: 3-4жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 3-4тобы

Тексерілген күні: 07.04.2023

Балалар саны:23

Қатысқаны:21

Қатыспағаны:2

Әдістеме: «Маскалар»жаттығуы

Мақсаты: Өзін-өзі көрсету, өзін-өзі тану. Әр түрлі сезім мүшелерімен жұмыс істеу. Дағдыларды дамыту, белсенді тыңдау, жанашырлық, бір-бірімен бағаламай қарым-қатынас жасай білу.

Нұсқауы:

Алдын ала дайындалған маска трафареттеріне сол беттерді салыңыз. Сіз сондай-ақ өзіңіз қандай адам болғыңыз келетін айтып бересін. Әр маска атынан әңгіме айтып беріңіз. Жұмыс соңында маскалар көрмесін ұйымдастырыңыз. Барлық маскалар арасында ұқсас маскаларды табыңыз.

Қорытындысы:

Балалар ойынға жақсы араласты. «Ерке-Наз»ортаңғы тобы әр масканың атынан әңгіме айтып белсенділік көрсетті.Балалар маскалар көрмесін жасады.Топта балалардың қарым-қатынасы жақсы.

Педагог-психолог:Кулибаева.Г.И

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты: 10.04.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар:

Әдістеме: «Шөлдеу» ойыны

Мақсаты:

Достыққа, бір-біріне көмектесіп қана нәтижеге жетуге болатынына тәрбиелеу.

Жаттығудың жүргізілуі:

Балалардың қолдары шынтан қозғалмайды. Балалар өздерін ыстық шөл даладамыз деп елестетеді, қатты шөлдеп жүреді. Бір кезде тостағандағы суларға кездеседі. Енді осы суды ішуге амал табулары керек (бір-біріне көмектесуді үйренеді)

Қорытындысы:

Балалар «Шөлдеу» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар бір-біріне көмектесуді үйренді.

Педагог-психолог: Кулибаева.Г.И

“Балбөбек” жекеменшік шағын орталығы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Шашу жаттығуы»

Топтың аты: 3-4жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 3-4жас тобы
Тексерілген күні: 11.04.2023
Балалар саны: 23
Қатысқаны: 20
Қатыспағаны: 3
Әдістеме: «Шашу жаттығуы»

Мақсаты: қиялды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, эмоционалдық стрессті жеңілдету.

Материал: қарапайым тарак, щетка немесе тіс щеткасы, бояулар.

Осы сурет салу әдісін өз жұмысыңызда қолдана отырып, желдің бағытын жеткізе аласыз - бұл үшін сызба бойымен бүріккіштің бір бағытқа түсуін қамтамасыз ету керек.

Қорытындысы:

3-4жас тобына Арт-терапиядан «Шашу жаттығуы» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Балаларға сурет салу әдісін қолданды. Балалардың қиялы, ұсақ қол моторикасы жақсы дамыған.

Педагог-психолог: Кулибаева.Г.И

“Балбобек” жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
«Біз-біргеміз»**

Қатысушы: Педагогтар

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: Педагогтар

Зерттеу уақыты: 12.04.2023

Педагогтар саны: 6

Қатысқандар: 6

Қатыспағандар: 0

Әдістеме: «Біз-біргеміз»

Мақсаты:

Педагогтардың ұжымдық сыйластық, бір – біріне сенім арту, бірлесіп жұмыс жасауға баулу, көңіл – күйлерін көтеру.

Тренингтің міндеттері:

Білімділік: Қатысушылардың өз ойларын ашық жеткізіп, бір – бірінің пікірін құрметтеуге, сеніммен қарауға бейімдеу.

Дамытушылық: Тұлғаның өзін ортада көрсете білу, өзін бағалай алуға түрлі психологиялық жағдайлардан шығу және өз пікірін ашық айтуға ықпал жасау.

Тәрбиелік: жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық жағдай жасай отырып, адамгершілік, сыйластық, әдептілік, шынайылық, адалдық құндылықтарын ұғынуға көмектес.

Қорытындысы:

Педагогтарға «Біз біргеміз» тақырыбында тренинг болды. Педагогтар тренингке жақсы араласып отырды. Педагогтардың көңіл-күйлері көтерілді, қатысушылар өз ойын ашық айтып тренингте белсенділік көрсетті.

Педагог-психолог: Кулибаева.Г.И

Тақырыбы: «Біз біргеміз»

Тренингтің мақсаты: Педагогтардың ұжымдық сыйластық, бір – біріне сенім арту, бірлесіп жұмыс жасауға баулу, көңіл – күйлерін көтеру.

Тренингтің міндеттері:

Білімділік: Қатысушылардың өз ойларын ашық жеткізіп, бір – бірінің пікірін құрметтеуге, сеніммен қарауға бейімдеу.

Дамытушылық: Тұлғаның өзін ортада көрсете білу, өзін бағалай алуға түрлі психологиялық жағдайлардан шығу және өз пікірін ашық айтуға ықпал жасау. **Тәрбиелік:** жеке тұлғаның рухани өсуіне психологиялық жағдай жасай отырып, адамгершілік, сыйластық, әдептілік, шынайылық, адалдық құндылықтарын ұғынуға көмектес.

Қатысушылар: Тәрбиеші апайлар

Жұмыс түрі: Топтық жұмыс

Қажетті құралдар: Түрлі түсті қағаздар, бояулар, қиынды гүлдер, сұрақтар жазылған карточкалар.

Тренинг бағдарламасы:

1. Танысу жаттығуы
2. Топқа бөліну.
3. Ой жинақтау
4. «Сезімдер әлемі» жаттығуы.
5. «Мен және менің айналамдағылар» сурет салу
6. Күн шуағы (Рефлексия)

Тренинг ережесі:

1. Өз ойын ашық айту
2. Өзгелердің пікірін құрметтеу
3. Белсенді әрекет ету.
4. Шынайылық
5. Топтасып жұмыс жасау.

Барысы: Амандасу рәсімі

Психолог: Сәлеметсіздер ме, қымбатты ұстаздар!

Кіріспе сөз.

Адамдардың әлеуметтік қауымдастығының ең жоғарғы формасы - ұжым. Ұжым - ол қоғамға пайдалы қызметте ортақ мақсатқа жұмыла еңбек ететін және психологиялық тұрғыда топтасқан адамдар тобы. Ұжымның белгілерін А.С.Макаренко анық та толық айтып берді. Ұжым дегеніміз - жек адамдардың өз алдарына мақсат қоя ұйымдасқан ұжымдық органдары бар комплексі. Достық - адамдарды бір – біріне туғандай бауыр етіп, жақын ететін, араларын кіршіксіз таза етіп байланыстыратын ізгілікті қарым – қатынас. Достық сезімі адамдардың бойында жаратылғаннан бар. Қандай болмасын адамның өз сырын айта алатын, дертін сөйлей алатын, жарылып

шынын жасырмайтын, еш нәрсесін бүкпелемейтін адамдар болады. Міне – ол дос адам. Дос болу - таныстықтан бастап, шынайы тілектестікпен араласу, керек кезінде қол ұшын беру, басына қиын жағдай туған кезде жанынан табылу, оны қажетсіну, сыйлау, құрметтеу, алдамау. Әріптестік дегеніміз - белгілі бір ұйымдарда бірігіп жұмыс жасайтын қызметтес адамдар. Әріптестік әр түрлі жас аралығын қамтиды. Әріптестік белгілі бір мамандықтар бойынша бөлінеді. Мәселен мұғалімдер, дәрігерлер, әншілер, құрылысшылар.

1. Танысу жаттығуы Көңілді музыка ойналады. Жаттығуға қатысушылар шеңбер бойынша тұрады. Әрбір қатысушы өзінің есіміне сын есім қосып және бойындағы бір қасиетін айтып шығады. Мысалы: Мен , Дарынды Дана- Көп сөйлемеймін. Талқылау: Қандай әсер алдыңыздар.

2: Топқа бөліну Қатысушылар түрлі - түсті гүлдерден өздеріне ұнайтын бір түсті таңдайды, сол таңдаған түстері бойынша топ құрып, үстелдерге жайғасып отырады. Үш топқа мына аттар ұсынылады.

I – топ. Ұжымдық

II топ Достық

III топ Әріптестік

Әр топ мүшелері өз топтарының атауларын қорғап шығу керек. Тапсырма.

«Ой жинақтау» Әр топқа өз атауларына байланысты 3 сұрақтан беріледі.

Ойлануға 5 минут уақыт.

I топ сұрақтары.

1. Ұжым дегеніміз не?

2. «Ұстаздың қолында адам өмірінің келешегі, тағдыры тұр»- деген сөзді қалай түсіндіресіз?

3. Өз қуанышыңызды ұжыммен бөлісіңіз? (Ролге ену)

II топ сұрақтары.

1. «Достық» ұғымын қалай түсіндіресіз?

2. Достық туралы мақал мәтел келтіріңіз.

3. Достық қиындықта көрінеді. (Ролге ену)

III топ сұрақтары.

1. Әріптестік сөзіне тұжырымдама бер.

2. Әріптестікті кім басқарған жөн. (Жасына сәйкес)

3. Бір жағдайға байланысты Жұмыстан сұрандыңыз,әріптесіңізден өзіңіздің орныңызға қалуға өтініш білдіріңіз. (Ролге ену)

Топтар сұрақтарға дайын болғанша қонақтармен ойын ойнайық.

Ойын: «СЫЙЛЫҚ»

Мақсаты: Қарым-қатынасты дамыту және ұжымдық ауызбіршілікті

қалыптастыру. Барысы: Әр адам қимыл мен ым арқылы қасындағы әріптесіне сыйлаған затты көрсету, ал көршісі заттың атын атап, сыйлықты алғыс білдіре отырып қабылдайды. Мыс: жүрек жылуын ұсыну, күлкісін ұсыну.

I-тапсырманың сұрақтарына анализ жасау. Сұрақтардың жауабы тыңдалады.

II-тапсырма. «Сезімдер әлемі» жаттығуы. Әр топ екі таратпадан алады.

Сары таратпалар	Жасыл таратпалар
Қуаныш	Қайғы - мұң
Таңдану	Ашу – ыза
Батылдық	Қорқыныш
Достық	Қызғаншақтық
Сенімділік	Реніш
Мейірімділік	өзіне риза болу

Осы сезімдерін көрсетіп беру.

Әр топтың тапсырмаларына қорытынды жасау.

III тапсырма. «Мен және менің айналамдағылар» тақырыбында сурет салу.
Нұсқау: Ұнды пластмасса ыдысқа салып, бояуды ерітіп шприцпен ұнға құямыз. Қалаған түсімізді шығарамыз. Саусақпен сурет саламыз. Топтардың суреті дайын болғанша бір ән тыңдаңыздар: Ән - әуез жетекшісі Қосуак Құралай апаймен тәрбиеленушіміз Дүйсебек Махаббаттың орындауында «Ұстазым» әні.

III тапсырма бойынша топтардың жауабы тыңдалады.

Талқылау: суретті салғанда нені елестеткенін, олар қандай мағына беретінін білу. «Ормандағы жаңбыр» ойыны

Ойынға қатысушылар бірінен соң бірі қатарласып тұрады, жүргізуші мәтінді оқиды, ал қатысушылар орындайды. Орманда күн ашық, ағаштар бұталарын күнге қарап бағыттап, жапырақтарын күннің көзіне шуағына көрсету үшін ұмтыла түсуде. Сіздер ағаштарсыздар да, аяқтың ұшымен тұрып, қолдарыңызды биікке созып күнге барынша жақындай түсіңіздер. Қандай тамаша! Осы кезде қатты жел тұрып кетті, ағаштар тербеле бастады, тамырлары болғандықтан түптері мықты, (аяқтың бұлшықеттеріне салмақ түсіріңіздер. Қатты жел жаңбырдың иісін шығарып қара бұлттарын алып келді. Ал ағаштарға сірікіреп тамшылаған жаңбыр сезіле бастады, жаңбыр тамшылары үдей түсті. Сол кезде ағаштар бірін – бірі аяп кетті де жаңбырдың қатты тамшыларын сілکیدі. Ағаштар өздерін сергек сезініп, өмірдің қуанышын байқайды. Ағаштар өздерін сергек сезініп, өмірдің қуанышын байқайды. Күн шуағы (Рефлексия)

Қарамен жазылған сөздер тақтада жазылып тұрады.


Тренингке қатысушыларға күннің шуақтары таратылады., тақтадағы сөздерден біреуін тандап, алдарындағыпараққа жазып беру қажет .Содан кейін шумақтар жиналады да күннің бейнесі құрастырылады . Тақтаға келесі слайдта әр адамның тандауы бойынша қандай қасиеті бар екені шығып тұрады.

Жаксы - бірқалыпты адам

Өте жаксы- барлық істі жаксылыққа жоритын адам

Білім – ізденімпаз
Тамаша - әсерлі адам
Керемет – жан дүниесі мол адам
Орташа - қанағатшыл
Көңілді – көпшіл адам
Әсем – талғампаз
Шебер – идея, фантазиясы жоғары
Жұлдыз – жаңалыққа жаны құмар
Тәтті – балажан, бауырмал
Ұстаз – баланың инженері
Қамкор – қамқорлыққа дайын
Өнер – Сегіз қырлы , бір сырлы

“Балбөбек” жекеменшік шағын орталығы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Менің планетам»

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 4-5жас тобы

Тексерілген күні: 13.04.2023

Балалар саны:25

Қатысқаны:24

Қатыспағаны:1

Әдістеме: «Менің планетам»

Мақсаты: қиялды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, эмоционалдық стрессті жеңілдету.

Нұсқаулық: «Көздерінді жұмып, ғарыштағы планетаны елестетіндер. Қай планета? Бұл ғаламшарды кім мекендейді? Жету оңай ма? Олар қандай заңдар бойынша өмір сүреді? тұрғындар не істеп жатыр? Сіздің планетаңыздың аты кім?

Балалар сурет салады, содан кейін жұмыс талқыланады.

Қорытындысы:

4-5жас тобына «Менің планетам»тақырыбында жұмыс жүргізілді.Балалар сурет салу арқылы өздерінің қиялдарын,ұсақ қол моторикасын,эмоционалды стрестерін жеңілдетті.

Педагог-психолог:Кулибаева.Г.И

“Балбөбек” жекеменшік шағын орталығы



Психодиагностика

Әдістеме: Йиарсек Керн тесті

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 4-5жас тобы

Тексерілген күні: 14.04.2023

Балалар саны: 25

Қатысқаны:22

Қатыспағаны:3

Әдістеме: Йиарсек Керн тесті

Мақсаты: Балалардың мектепке дайындығын тексеру

1.1. Керн-Йиарсектің баланың мектепке дайындығын анықтау тесті

Бұл тест балалардың мектепке дайындығын анықтауға арналған. Тест төрт тапсырмадан тұрады. Балалардың мектепке дайындығын анықтау.

1.Қай жануар үлкен - ат па, әлде ит пе?

Ат - 0 балл, дұрыс емес жауап - 4 балл.

2. Күндіз жарык, ал түнде ...

Қараңғы - 0 балл, дұрыс емес жауап - 4 балл.

3. Аспан көгілдір, ал шөп ...

Жасыл - 0 балл, дұрыс емес жауап - 4 балл.

4. Шие, алма, жүзім, алмұрт - бұл...

Жемістер - 1 балл, дұрыс емес жауап - 1 балл.

5. Пойыз өтерде неге жолдың жиегінде шлагбаум төмен түсіріледі?

Себебі: пойыз бен автокөлік соғысып қалмау үшін, пойыздың астына түсіп кетпеу үшін (т.с.с.) - 0 балл. дұрыс емес жауап - 1 балл.

6. Тараз, Алматы, Қызылорда - бұлар?

Қалалар - 1 балл, станциялар - 0 балл, дұрыс емес жауап - 1 балл.

7. Кішкентай ат - ол құлын, кішкентай ит - бұл ... Кішкентай қой - бұл...

Күшік, қозы - 4 балл, егер екі сұрақтан біреуі болса 0 балл. дұрыс емес жауап - 1 балл.

8. Сағат қанша болғанын көрсетіп тұр? (сағатта көрсету) Жаксы көрсетілген - 4 балл. Тек жарты немесе тура көрсетсе - 3 балл. Сағат білмесе - 0 балл.

9. Ит тауыққа ұқсаған ба, әлде мысыққа ма? Неліктен ұқсас, олардың несі бірдей? Мысыққа, өйткені оларда төрт аяқ, жүндері, құйрығы ұқсайды - 0 балл. Мысыққа ұқсастықтарын айтпаса - 1 балл.

10. Неге барлық автокөліктерде тежегіш бар?

Екі жағдайда (таудан түсіп келе жатқанда, бұрылыста соғысып қалмау үшін) - 1 балл. Бір жағдайда - 0 балл, дұрыс емес жауап - 3 балл.

11. Балға мен балтаның ұқсастығы неде?

Бірдей екі ұқсастық - 3 балл (олар ағаштан, темірден жасалған, олардың ұстағыштары бар). Олар аспаптар, олармен шеге қағуға болады - 1-2 балл. дұрыс емес жауап - 0 балл.

12. Тиін мен мысық қалай ұқсас?

Олар жануарлар (оларда 4 аяқтары бар, жүндері, олар ағаштарға өрмелей алады) - 3 балл. Бір ұқсастық - 2 балл. дұрыс емес жауап - 0 балл.

13. Футбол, ұзындыққа секіру, теннис, жүзу - бұл ... Спорт, дене тәрбиесі - 0 балл. Ойындар (жаттығу), гимнастика, сайысу - 2 балл. дұрыс емес жауап - 0 балл.

14. Қандай көлік түрлерін білесің?

Үш жерде жүретін көлік немесе толық атаулары, ұшақпен, жеңіл автокөлікпен, кемемен (тек түсіндіріп болғаннан кейін). Көліктер - 2 балл. Дұрыс емес жауаптар - 0 балл.

15. Кәрі адам мен жас адамның айырмашылығы неде?

Ақ шаш, шаштарының жоқтығы, әжім, көп жұмыс істей алмайды, жақсы көре алмайды, жақсы естімейді, көп ауырады, өледі - 4 балл. Бір немесе екі айырмашылық - 2 балл. дұрыс емес жауап - 0 балл.

16. Неге адамдар спортпен шұғылданады?

Екі жағдайда (денсаулығы мықты болуы үшін, шынығу үшін, күшті болу үшін, тез жүріп тұру үшін, өздерін тік ұстау үшін, семіз болмау үшін) - 4 балл. Бір жағдайда - 2 балл. дұрыс емес жауап - 0 балл.

1.2. Ер адамның суретін салу

Бағалау:

1 балл. Мынадай жағдайда қойылады:

- 1) Салынған суреттің басы, денесі, қол-аяғы болуы керек.
- 2) Басы мойын арқылы денесімен жалғасып, денесінен басы үлкен болмауы керек.
- 3) Басында шашы бар немесе бас киімі болуы \ мүмкін. \
- 4) Құлақ, көзі, аузы мен мұрыны болуы керек.
- 5) Қолдың бес саусағы болуы қажет.
- 6) Аяғы.
- 7) Киімі ер адамдікіндей бір-бірімен байланыста болуы керек.

2 балл.

1) 3 деталь мойыны, шашы, бір саусағы болмаса да 1-балдағы жағдайлар орындалуы тиіс.

3 балл.

- 1) Салынған суретте басы, тұлғасы, денесі, аяқ-қолы болуы керек.
- 2) Қол-аяғы екі сызықпен салынуы керек.
- 3) Мойны, шашы, құлағы, киімі, саусағы салынбаған.

4 балл.

- 1) Тек басы, тұлғасы болған жағдайда.
- 2) Бір сызықпен қол немесе аяғы берілуі тиіс.

5 балл.

Нақты дененің суреті салынбаған жағдайда.

1.3. Сөздік тест бойынша бағалау

Мына сөйлемді көшіріп жаз. «Ол ас ішті».

1 балл - өте жақсы көшірілген.

Үш сөз бір-бірімен байланысып тұруы, арақашықтығы сақталу керек.

2 балл. Егер бала анық кылып көшірсе. Әріп мөлшері және арақашықтығы саналмайды.

3 балл. Жазу кем дегенде екі бөлікке бөлінуі керек. Ең болмаса, жазылған әріптердің төртеуі түсінікті болуы керек. Жазу кем дегенде екі бөлікке бөлінуі керек.

4 балл. Қойылу үшін үлгімен аз дегенде екі әріп сәйкес болуы керек.

5 балл. Жазу түсініксіз жағдайда қойылады.

1.4. Берілген нүктелердің көшірмесі

Бұл тест ұзақ жүргізуді қажет етпейді және балл тест соңында беріліп отырады. Қорытынды субтест орындалғаннан кейін барып беріледі.

1 балл. Балаға келесі жағдайда қойылады. Үлгінің өте жақсы көшірмесі. Тек бір ғана нүктенің қатардан жіберілуі. Суретті кішірейтуге рұқсат етіледі, үлкейтуге болмайды.

2 балл. Нүкте саны және орналасуы үлгі бойынша тұруы керек. Үш нүктенің салынуы ұмытылса да 2 балл қойылады.

3 балл. Өзінің салынған контуры бойынша үлгіге ұқсайды. Ұзындығы мен биіктігі үлгіден 2 есе үлкен болмауы керек. Нүктелер 20-дан аспауы және 7-ден аз болмауы керек.

4 балл. Сурет өз контуры бойынша үлгіге ұқсамайды, бірақ нүктеден тұрады. Суреттің үлкендігі және нүкте саны қажет емес.

5 балл. Түсініксіз сызулар.

Қорытынды соңғы 3 тапсырма бойынша жасалады. Қосылған ұпайлардың саны 3-6 болса, баланың мектепке дайындығы жоғары. 7-11 ұпай - баланың мектепке дайындық деңгейі орташа, 12-15 ұпай - баланың мектепке дайындық деңгейі төмен.

Тапсырма

Мына нүктелерге мұқият қарап алыңыз да, қасына дәл осылай көшіріп салуға тырысыңыз.

Кімге не жетпейді?

Бұл әдістеме баланың 5-6 жас аралығындағы ойлау деңгейінің психодиагностикасын жасауға арналған. Бұл әдістемеге кірген тапсырманы бастамас бұрын, балаға сурет көрсетіледі және бұл суретте әр балаға бір нәрсе жетіспейтіні айтылады. Ал жетіспеген зат астыңғы жақтағы суреттерде көрсетілген.

Баланың басты тапсырмасы, тез арада кімге не жетпейтінін табу.


Қорытынды баға:

- 10 балл - тапсырма 30 секунд аралығында орындалған.
- 8-9 балл - тапсырманың орындалу уақыты 31-49 секунд аралығында.
- 6-7 балл - орындалған тапсырма 50-68 секунд аралығын қамтиды.
- 4-5 балл - 70-80 секундқа дейінгі уақыт ішінде.

- 3-4 балл - орындалған тапсырма 90-100 секунд аралығында.
 - 0-1 балл - тапсырма 110 және одан жоғарғы уақыт ішінде орындалды.
- Ойлау қабілеті деңгейінің бағасы.
- 10 балл - өте жоғары;
 - 8-9 балл - жоғары;
 - 6-7 балл - орташа;
 - 4-5 балл - орташа;
 - 2-3 балл – төмен;
 - 0-1 балл — өте төмен.

Педагог-психолог:Кулибаева.Г.И

“Балбөбек” жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Көбелек»**

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты: 17.04.2023

Балалар саны: 26

Қатысқандар: 26

Қатыспағандар:

Әдістеме: «Көбелек» ойыны

Нұсқауы:


Балалар қарындашты екі саусақтың арасына қысып ұстайды. Ойын психологтың белгісі бойынша қарындашты айналдырып отырады. Егер балаға қарындашты екі саусақпен айналдыру қиын болса, қосымша үлкен саусақтың көмегімен айналдыруға болады.

Қорытындысы:

Балалар «Көбелек» ойының қызыға ойнады. Барлық балалар ойынға жақсы араласып отырды.

Педагог-психолог: Кулибаева.Г.И

“Балбөбек” жекеменшік шағын орталығы



Психодиагностика

Әдістеме: «Суреттер туралы әңгіме»

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хяттам

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты: 18.04.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 24

Қатыспағандар: 1

Әдістеме: «Сурет туралы әңгіме»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту

Нәсқауы:


Баладан адамға сурет салуды сұрайды. Суреттің ерекшелігі бойынша (дененің қандай бөліктері бейнеленген, олардың кеңістікте қалай орналасқандығы, қосымша бөлшектер бар ма және т.б.), олар бейнелі ойлаудың даму деңгейіне, эмоционалды-жеке сфераның сипаттамаларына баға береді және баланың басқарымен қарым-қатынасы.

Қорытындысы:

5-жас тобының балаларына психодиагностика жұмыстар жүргізілді. Балалар қызығушылығын арттырды. Балалар өте белсенділік танытып тапсырмаларды жақсы орындап шықты. Балалардың топта бір-бірімен қарым-қатынасы жақсы.

Педагог-психолог: Кулибаева.Г.И

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы»



Психодиагностика

Әдістеме: «Пішін қорабы»

Топтың аты: 4-5 жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 4-5жас тобы

Тексерілген күні: 19.04.2023

Балалар саны: 25

Қатысқаны: 25

Қатыспағаны:

Әдістеме: «Пішін қорабы»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту

Нұсқауы:

Техника көлемді фигуралар-лайнерлері бар ұяшықтары бар қорапқа салуға арналған тапсырмаларды қамтиды, олардың негізі қораптың ойықтарына сәйкес келетін ең қарапайым геометриялық фигуралар болып табылады. Тапсырма баладан форманы қабылдау дәлдігін ғана емес, сонымен бірге фигураның кеңістіктегі дұрыс бұрылуын (бұрышын ескере отырып) талап етеді. Техника форманы қабылдауды және кеңістіктік қатынастарды бағалауға бағытталған. Тапсырмаларды орындау деңгейі төмен болған кезде, балаға үлгіге сәйкес форманы таңдауға арналған тапсырмалар қосымша ұсынылады.

Қорытындысы:

3-4жас тобының балаларына психодиагностика жұмыстар жүргізілді. Балалар қызығушылығын арттырды. Балалар өте белсенділік танытып тапсырмаларды жақсы орындап шықты.

Педагог-психолог: Кулибаева.Г.И

“Балбөбек” жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Барлығы қанша?»**

Топтың аты: 3-4жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 3-4жас тобы

Зерттеу уақыты:20.04.2023

Балалар саны:23

Қатысқандар:23

Қатыспағандар:

Әдістеме: «Барлығы қанша?» ойыны

Мақсаты: Заттарды санау, сандарды жазу.

Ойынның құрал-жабдықтары: Үлестірмелі қағаздар, қарындаштар.


Ойын барысы: Балалар суреттегі заттарды санайды, тиісті санды жазады.

Қорытындысы:

Барлық балалар «Барлығы қанша?» ойының қызыға ойнады. Ойын барысында балалар өздерінің жақсы қасиеттерін көрсетті. Балалар суреттегі заттарды санай алады және тиісті сандарды жаза алады.

Педагог-психолог:Кулибаева.Г.И

“Балбөбек” жекеменшік шағын орталығы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Жыл мезгілдері»

Топтың аты: 3-4жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 3-4жас тобы
Тексерілген күні:21.04.2023
Балалар саны:23
Қатысқаны:23
Қатыспағаны:
Әдістеме: «Жыл мезгілдері»

Ойынның мақсаты:

Жылдың төрт мезгілінің өзіндік ерекшеліктерін меңгерту. Балалардың сөздік қорын, ауызекі сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Есте сақтау қабілетін арттыру. Зейінділікке, тапқырлыққа баулу. Балаларды табиғатты қорғауға, оның сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.

Нұсқау:

Жыл мезгілі бейнеленген суретпен жұмыс. Балаларға сурет бойынша әңгіме жүргізіледі.

Қорытындысы:

Балалар ойынға жақсы араласты. Жыл мезгілдерін суретке қарап әңгіме құрастырды. 3-4жас тобының белсенділігі есте сақтауы, сөйлеу мәдениеті жақсы дамыған.

Педагог-психолог:Кулибаева.Г.И

“Балбөбек” жекеменшік шағын орталығы



Психодиагностика

Әдістеме: «Артығын тап»

Топтың аты: 4-5 жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Зерттеуші топ: 4-5жас тобы

Зерттеу уақыты: 24.04.2023

Балалар саны: 25

Қатысқандар: 25

Қатыспағандар:

Әдістеме: «Артығын тап»

Мақсаты: Баланың бейнелі – логикалық ойлау процесін, жалпылау мен талдау ақыл-ой операцияларын зерттеу.

Әдістемеде балаларға әртүрлі заттар бейнеленген суреттер сериясы ұсынылады. Бұл әдістеме мектеп алды даярлық топ балаларына арналған.

Нұсқау. Әр суретте бейнеленген төрт заттың біреуі артық. Суретке мұқият қарап, қай зат және неліктен артық екенін анықта.

Тапсырманы орындауға 3 минут беріледі.

Қорытынды бағалау

10 ұпай – бала тапсырманы 1 минуттан аз уақытта орындайды, барлық суреттердегі артық заттарды таба алады және себебін түсіндіреді.

8-9 ұпай – бала тапсырманы 1 минуттан 1,5 минутқа дейінгі уақытта орындайды.

6-7 ұпай – бала тапсырманы 1,5 –тан 2,0 минутқа дейінгі уақытта шешеді.

4-5 ұпай – бала тапсырманы 2,5 минуттан 3 минутқа дейінгі уақытта шешеді.

2-3 ұпай – бала тапсырманы 2, 5 минуттан 3 минутқа дейінгі уақытта шешеді

ұпай – бала 3 минут аралығында тапсырманы шеше алады.

Даму деңгейі бойынша қорытынды

10 ұпай өте жоғары

8-9 ұпай – жоғары

4-7 ұпай – орташа

2-3 ұпай – төменгі

0 -1 ұпай - өте төмен

10 ұпай өте жоғары




1. Абдыхалық Кәусар
2. Айзах Абдурасул
3. Аймуратов Нурислам
4. Аймурза Айару
5. Альмухан Абылай
6. Аманжан Раййана
7. Бекенов Әдилет
8. Бисенбай Зере

9. Жалғасбай Көркем
10. Жумабай Бакдаулет
11. Интизам Алихан
12. Исакова Аимира
13. Камаладин Аниса
14. Куатов Нурхан
15. Қасым Ақниет
16. Майлыбай Ержан
17. Муса Айзере
18. Мүдәрісова Аянат
19. Нұрсұлтанқызы Айару

8-9 ұпай – жоғары

1. Рахатқызы Жанерке
2. Серікбай Саруар
3. Совет Қайсар
4. Тасқынбай Айзере
5. Темурқызы Перизат
6. Тулесін Ернар

Педагог-психолог: Кулибаева.Г.И



“Балбөбек” жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Орамалмен жасырынбақ»**

Топтың аты: 2-3жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 2-3жас тобы

Тексерілген күні:25.04.2023

Балалар саны:17

Қатысқаны:17

Қатыспағаны:

Әдістеме: «Орамалмен жасырынбақ»

Мақсаты:

Балалардың ойлау қабілетін, есте сақтауын дамыту.

Ойынның барысы:


Ойынға кішкентай үш зат керек: машина, сушки, кәмпит және т.б.
Баланың көзін жабуын өтінеміз. Бір затты орамал астына жасырамыз. Бала көзін ашып, орамалдың астында не жасырылғанын табуға міндетті.

Қорытындысы:

Балалар ойынға жақсы қатысты 2-3жас тобының белсенділігі есте сақтауы, ойлау қабілеті, қабылдауы жақсы дамыған.

Педагог-психолог: Кулибаева.Г.И

“Балбобек” жекеменшік шағын орталығы



Түзету-дамытушылық

Әдістеме: «Суреттер бойынша сұрақтар»

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 4-5жас тобы

Тексерілген күні:26.04.2023

Балалар саны:25

Қатысқаны:24

Қатыспағаны:1

Әдістеме: «Суреттер бойынша сұрақтар»

Ойынның мақсаты:

Ойлау қабілетін дамыту

Нұсқау:

Әртүрлі мөлшердегі элементтердің көп мөлшеріндегі әрекеттерді орындауға арналған тапсырмалар бар. Материал - бұл пішіннің көп түсті элементтері, оларды серия элементтері ретінде өлшем бойынша тапсырыс беруге болады. Әдістеме объектілер арасындағы қатынастарды қабылдау деңгейі мен баланың іс-әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктері тұрғысынан ашады. Тапсырмаларды орындау деңгейінің төмендігі кезінде сол материал бойынша балаға үлкен элементті екіден, содан кейін үштен таңдау ұсынылады. Сол материалды үлгіні таңдау негізінде түстерді қабылдауды бағалауға және түстердің атаулары туралы білімді анықтауға болады.

Қорытындысы:

Балалар ойынға жақсы қатысты. 4-5жас тобының белсенділігі есте сақтауы,ойлау қабілеті,қабылдауы жақсы дамыған.

Педагог-психолог:Кулибаева.Г.И

“Балбобек” жекеменшік шағын орталығы



Психодиагностика

Әдістеме: «Жоқ жануар»

Топтың аты: 4-5жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама

Топтың аты: 4-5жас тобы
Тексерілген күні: 27.04.2023
Балалар саны:25
Қатысқаны:25
Қатыспағаны:
Әдістеме: Жоқ жануар
Мақсаты: Қиялын дамыту

Нұсқауы:


Балаға жоқ жануардың суретін салып, атын атап, оның өмір салтын сипаттауды сұрайды. Тапсырмада проективті әдіс ретінде жеке қасиеттер мен қиялдың ерекшеліктерін зерттеу үшін қолданылады.

Қорытындысы:

4-5жас тобы «Жоқ жануар»суретін салды.Сурет арқылы жеке қасиеттерін,қиялын дамытты.Әр баланың салған суретіне жеке –жеке қорытынды шығарылды.

Педагог-психолог:Кулибаева.Г.И

“Балбөбек” жекеменшік шағын орталығы



**Психологиялық-педагогикалық ағарту
Әдістеме: «Жел»**

Топтың аты: 3-4жас тобы

2022-2023оқу жылы

Анықтама

Зерттеуші топ: 3-4жас тобы

Зерттеу уақыты:28.04.2023

Балалар саны:23

Қатысқандар:23

Қатыспағандар:

Әдістеме: «Жел»

Мақсаты:Балалардың жылдамдығын, белсенділігін дамыту.

Нұсқауы:

Стол үстіндегі ормалды қатты үрлеп, оны жерге түсіруі керек.

Қорытындысы:

Балалар «Жел» ойынын қызыға ойнады. Ойын барысында балалар өздерінің жылдамдықтарын көрсетті. Сондай-ақ балалар ойынға белсенді қатысты.

Педагог-психолог:Кулибаева.Г.И

“Балбөбек” жекеменшік шағын орталығы



**Сәуір айында жүргізілген жұмысқа
қорытынды анықтама**

2022-2023 оқу жылы

Сәуір айында жүргізілген жұмысқа қорытынды анықтама

2022-2023 оқу жылының сәуір айына айлық жоспар жасалынды. Жоспар бойынша сәуірдің 3-нен бастап, 4-5 жас, 3-4 жас, 2-3 жас осы аталған топтарға психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша «Заттарды қабылдау», «Ұқсас суретті тап», «Үстінде, астында, алдында, артында, сол жақта, оң жақта», «Суреттерді аяқтайық», «Шөлдеу», «Көбелек», «Барлығы қанша?», «Орамалды жасырынбақ», «Жел» тақырыптарында жұмыстар жүргізілді. Психодиагностикадан 4-5 жас тобынан Йиарсек Керн тесті арқылы балалардың мектепке дайындығын анықтау жұмысы жүргізілді. 4-5 жас тобына «Суреттер туралы әңгіме», «Пішін қорабы», «Жоқ жануар» тақырыптарында диагностикалық жұмыс жүргізілді. Педагогтармен «Біз біргеміз» тақырыбында тренинг жүргізілді. Түзету дамыту бағыты бойынша 4-5 жас, 4-5 жас, 3-4 жас, осы аталған топтарға «Маскалар» жаттығуы, «Шашу» және «Менің планетам», «Жыл мезгілдері», «Суреттер бойынша сұрақтар» тақырыптарында балаларға ой-өрісті дамытуға арналған ойындар жүргізілді. Барлық жүргізілген жұмыстарға анықтама, хаттама, қорытындысы шығарылды.

Сәуір айында осындай жұмыстар жүргізілді.

Балабақша педагог-психологы: Кулибаева. Г. И